

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті

Университеттің Ғылыми  
Кеңесінің отырысында  
қарастырылды  
Хаттама №19  
«31» тамыз 2022 ж.

БЕКІТЕМІН  
С.Сейфуллин атындағы қазақ  
агротехникалық университеті  
КеАҚ Басқарма Төрағасы



31.08.2022 ж.

### БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

«Халықаралық стандарттарға сәйкес бухгалтерлік есеп және аудит»

Білім беру саласының жіктеуі мен коды: 8D04 Бизнес, басқару және құқық

Даярлау бағыттарының жіктеуі мен коды: 8D04 Бизнес және басқару

Білім берудің халықаралық стандартты жіктеу коды: 8D04

Дәреже: " «8D04101 Халықаралық стандарттарға сәйкес есеп және аудит» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы/PhD

Оқу мерзімі: 3 жыл

Астана, 2022

Авторлық ұжым:

1. Жусупов Р.С. – PhD, аға оқытушы С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ есеп және қаржы кафедрасының меңгерушісі;
2. Байдаков А.Қ. – э.ғ.к., қауымдастырылған профессор, С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ есеп және қаржы кафедрасы;
3. Алиева В.И. – «Кәсіби бухгалтерлер Лигасы» кәсіби бухгалтерлер ұйымы Басқарма Төрағасы;
4. Шимшиков Ж.И. – ҚР БҒМ «Экономика институты» РМҚК әлеуметтік-экономикалық зерттеулер Орталығының директоры.

"Бухгалтерлік есеп және бизнесті құқықтық қамтамасыз ету" білім беру бағдарламасы есеп және қаржы кафедрасының кафедрасының отырысында талқыланған, 26.08.2022 ж. №1 хаттама,

Білім беру бағдарламасы факультет Кеңесімен мақұлданған, «31 08.2022 ж. №1 хаттама.

Экономика факультетінің деканы



Нұрмұхаметов Н.Н.

Академиялық сапа жөніндегі  
факультет Кеңесінің төрағасы



Орынбекова Г.А.

Есеп және қаржы кафедрасының  
меңгерушісі



Жусупов Р.С.

## Мазмұны

№	Бөлімшелер атауы	
1.	Білім беру бағдарламасының паспорты	4
2.	Білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасы	5
3.	Түлектің құзыреттілік үлгісі (бейнесі)	6
4.	Кәсіби тәжірибелерді өту базасы	8
5.	Білім беру бағдарламасының құрылымы	9



## 1 Білім беру бағдарламасының паспорты

«Халықаралық стандарттарға сәйкес есеп және аудит» білім беру бағдарламасы жаңа кезеңнің бағдарламасы болып саналады және еңбек нарығының талаптарын ескере отырып ҚР Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, Ұлттық біліктілік шеңберіне, Дублин дескрипторлары мен Еуропалық біліктілік шеңберіне сәйкес әзірленген. Білім беру бағдарламасын дайындауда Бухгалтерлердің халықаралық федерациясының IES 2 «Кәсіби бухгалтерлік білім беру бағдарламаларының мазмұны» Халықаралық білім стандарты мен Сертификатталған кәсіби бухгалтерлердің ассоциациясының АССА (Association of Chartered Certified Accountant) Бағдарламасының талаптары ескерілген.

Философия докторын (PhD) даярлаудың білім беру бағдарламасы ғылыми-педагогикалық бағытқа ие және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі және ғылыми сала үшін ғылымның тиісті бағыттары бойынша іргелі білім беру, әдіснамалық және зерттеу дайындығын және пәнді терең зерделеуді болжайды.

**Білім беру бағдарламасының мақсаты** халықаралық стандарттарға сәйкес бухгалтерлік есеп пен аудиттің мәні мен әдіснамасына, теориялық білімдерге және тәжірибелік дағдыларына ие болу бойынша (PhD) Философия докторын дайындау болып табылады.

«Халықаралық стандарттарға сәйкес есеп және аудит» білім беру бағдарламасы бойынша ғылыми –педагогикалық бағытқа ие және іргелі, білімдік, әдіснамалық және зерттеулік дайындықты, сонымен қатар жоғары және жоғары оқу орынынан кейінгі білім беру мен ғылыми саласы үшін бухгалтерлік есеп пен аудит пәндері бойынша тереңдетіп оқуды ұсынады.

## 2 Білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасы

PhD бағдарламасы инновациялық білім беру ортасында білім алуды және Қазақстанның ғылымы мен білімінің озық дамуына өз септігін тигізуге қабілетті болашақ ғалымдардың кәсіби-зерттеу құзыреттілігін игеруді көздейді.

Докторантураның білім беру бағдарламасының құрылымы білім мазмұнын анықтайтын екі компонентті қамтиды: білім және ғылым компоненттері.

**Докторантураның білім беру бағдарламасында:** 1) базалық және бейіндеуші пәндер циклдерін меңгеруден тұратын теориялық оқыту; 2) докторанттардың практикалық даярлығы: кәсіби, практика ғылыми тағылымдамалар түрлері; 3) докторлық диссертацияның орындалуын қамтитын ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысы; 4) аралық және қорытынды аттестаттау қамтылады.

Докторанттың жеке жұмыс жоспарында инновациялық технологиялармен және өндірістің жаңа түрлерімен танысу үшін оқу барысында тиісті қызмет салалары бойынша ғылыми ұйымдарда, сондай-ақ шетелде міндетті түрде ғылыми тағылымдамадан өту қарастырылады.

«Халықаралық стандарттарға сәйкес есеп және аудит» білім беру бағдарламасы бойынша (PhD) Философия докторы: сын бойынша талдау; әртүрлі теориялар мен идеяларды салыстыр мен бағалау; талдамалық және эксперименттік ғылыми қызметті меңгеру; шешендік өнер мен халықаралық ғылыми форумдарда, конференцияларда және семинарларда көпшілік алдында сөйлеу; жоспарлау, координациялау және ғылыми зерттеу үрдістерін өткізу; таңдалған ғылыми әдістердің нәтижесін ұсыну; шет ел тілдерінде еркін сөйлеу дағдыларына ие болу керек.



### **3 Түлектің құзыреттілік үлгісі (бейнесі)**

#### **3.1 Кәсіби қызмет аясы**

- жоғары білім беру, жоғары білім беруден кейінгі білім беру және ғылым саласында ғылыми-педагогикалық қызмет; жобалық қызмет;
- бухгалтер, қаржылық директор, аудитор, қаржылық сарапшы, кеңес беруші, әкімшілік маман, институттардың, зерттеу бағдарламаларының, халықаралық бағдарламалардың ғылыми қызметкері ретіндегі және т.б. өндірістік қызмет;
- ағартушылық, есептік-талдамалық, басқарушылық және жоспарлау қызметі.

#### **3.2 Кәсіби қызмет бағыттары**

- ғылыми-зерттеу жұмысы: жоғары оқу орындарында мамандығына сәйкес ғылыми, оқу-әдістемелік, тәрбиелеу үрдістерін жүзеге асыру;
- ғылыми-зерттеу мекемелерінде ғылыми-зерттеу жұмысы, жобаларды дайындау мен жүзеге асыру;
- экономиканың әртүрлі салаларындағы түрлі ұйымдастырушылық-құқықтық формадағы кәсіпорындардағы шаруашылық операцияларының есебі;
- қаржылық есептілікті ҚЕХС мен АХС сәйкес дайындау, оның аудиті;
- бухгалтерлік есепті және аудитті жүргізудің түрлі бағдарламаларының көмегімен ақпараттар кешенін өңдеу, талдау;
- активтер, міндеттемелер, капитал, табыстар мен шығындар, ақша ағымы туралы ақпараттарды қалыптастыру, талдау және басқару шешімдерін қабылдау үшін пайдалану;
- кәсіпорындағы қаржылық-экономикалық қатынастарды ұтымды ұйымдастыру, заңды және жеке тұлғалардың экономикалық қызығушылығы мен меншігінің сақталуына ықпал ету.

#### **3.3 Базалық құзыреттіліктері**

Осы бағдарламаны сәтті меңгергеннен кейін түлектер келесідей базалық құзыреттіліктерді (нәтижелерді) көрсете алады:

- 1) зерттеу саласын жүйелі түрде түсінгенін көрсету, осы салада қолданылатын дағдылар мен зерттеу әдістерін меңгеру;
- 2) маңызды ғылыми процестерді ғылыми көзқараспен ойлау, жобалау, енгізу және бейімдеу қабілетін көрсету;
- 3) ұлттық немесе халықаралық деңгейде жариялауға лайық ғылым саласының шекарасын кеңейтуге өздерінің түпнұсқа зерттеулерін енгізу;
- 4) жаңа және күрделі идеяларды сыни талдау, бағалау және синтездеу;
- 5) өздерінің білімдері мен жетістіктерін әріптестеріне, ғылыми қоғамдастыққа және жалпы жұртшылыққа жеткізу;
- 6) білімге негізделген қоғамның технологиялық, әлеуметтік немесе мәдени дамуында академиялық және кәсіптік тұрғыда дамытуға жәрдемдесу.

#### **Кәсіби құзыреттіліктері**

Осы бағдарламаны сәтті меңгергеннен кейін түлектер келесідей құзыреттіліктерді (нәтижелерді) көрсете алады:

- есеп пен аудит облысындағы ғылыми жетістіктерді терең талдау мен бағалауды, ғылыми-зерттеу және кәсіби қызметте жаңа идеяларды жинақтау қабілеттілігін;

- ғылыми зерттеулердің бағдарламасын дайындау және бағдарламаға сәйкес өз еркімен жүзеге асыруды, жүргізілген зерттеулер нәтижесін ғылыми қоғамға мультимедиялық құралдарды қолдана отырып, халықаралық баспа беттерінде мақала, диссертация, баяндама немесе презентация түрінде ұсыну қабілеттілігін.

- кәсіби қызметтің этикалық нормаларын сақтай отырып, жоғары білім беру жүйесінде оқытушылық және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру қабілеттілігін.

- түрлі меншік нысанындағы ұйымдардың қызметіне бухгалтерлік есеп, аудит пен талдау облысындағы ғылыми жетістіктерді жобалау, ендіру және бейімдеу қабілеттілігін.

- бухгалтерлер мен аудиторлардың этикасының қағидаларын сақтай отырып бухгалтерлік есеп пен аудит аумағындағы эксперттік және консалтингтік қызметті жүзеге асыру қабілеттілігін.

- ғылыми зерттеулер мен жаңа идеяларды жүзеге асыру негізінде өзін-өзі дамытуға, тұлға ретінде өсуге, бастамашылық іс-әрекеттерге бару мен жетекшілік қасиеттерін қалыптастыру қабілеттілігін.



#### 4 Кәсіби тәжірибелерді өту базасы

Ғылыми-педагогикалық докторантураның білім беру бағдарламасы педагогикалық және зерттеу практикасын қамтиды.

Педагогикалық практика кезеңінде докторанттар қажет болған жағдайда бакалавриат пен магистранттарға сабақ өткізуге тартылады. Оның негізгі кезеңдері:

Жоғары білім беру жүйесінің әрекет етуінің құқықтық және нормативтік негіздері. Ғылыми-педагогикалық қызметті үлгілеудің заманауи бағыттары. Оқу үрдісін оқытудың жаңа технологияларын қолдану арқылы жоспарлау мен жүзеге асыру тәртібі. ЖОО да ғылыми-педагогикалық үрдісті ұйымдастырудың негізгі қағидалары, әдістері мен нысандары. ЖОО оқытушысының теориялық, тәжірибелік және әдістемелік дайындығына қойылатын негізгі талаптарды меңгеру.

Докторанттардың зерттеу практикасы отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктерін зерделеу, сондай-ақ ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін қолдану, диссертациялық зерттеулерде эксперименттік деректерді түсіндіру бойынша практикалық дағдыларды бекіту мақсатында өткізіледі.

Зерттеу практикалардың мазмұны диссертациялар тақырыбымен анықталады.

Докторанттың зерттеу тәжірибесі докторанттарды өз бетінше зерттеу жұмысына бейімдеуге, ұжымда ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге дайындауға бағытталған. Зерттеу тәжірибесінің мақсаты отандық және шетелдік ғылымның ең озық теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктерін оқу мен игеру, ғылыми зерттеулердің озық әдістерінің тәжірибелік аспектілерін меңгерту, диссертациялық зерттеуге қажетті экспериментальдық деректерді өңдеу мен интерпретациялауды көздейді.

Оның негізгі кезеңдері:

ҒЗЖ ұйымдастыру. Библиографиялық анықтамалықтармен, электронды деректер базасымен, диссертация тақырыбы бойынша эмпирикалық деректермен жұмыс істеу. Кафедраның ғылыми-зерттеу жұмыстарына, ғылыми жобаларына, ғылыми конференцияларға қатысу. Ғылыми мақалаларды дайындау және баспадан шығару. Ғылыми зерттеулермен байланысты жобалық құжаттар мен басқа да ережелерді дайындауға қатысу. Ғылыми тағылымдама. Докторлық диссертацияны орындау және қорғау.

Білім алушыларды тәжірибелік дайындау үшін әртүрлі меншік нысанындағы жетекші кәсіпорындармен белсенді ынтымақтастық орнатылған: «Ұлттық басқарушы холдинг «ҚазАгро» АҚ, «Кәсіпкерлікті дамыту қоры «ДАМУ» АҚ, «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ғылым Комитетінің экономика Институты, «ҚазАгроҚаржы» АҚ, «Қазақстан Темір Жолы» АҚ, «ҚазТемірТранс» АҚ, «Синергия-Аудит» ЖШС және т.б.



### 5 Білім беру бағдарламасының құрылымы

№ п/п	Пәндер циклдерінің және қызмет түрлерінің атауы	Жалпы еңбек сыйымдылығы	
		академиялық сағат бойынша	академиялық кредит бойынша
1	2	3	4
1.	Теориялық оқыту	1590	53
1.1	Базалық пәндер (БП) циклі	480	16
1)	Жоғары оқу орны компоненті (ЖК):	180	6
2)	Таңдау компоненті (ТК)	150	5
3)	Педагогикалық практика	150	5
1.2	Бейіндеуші пәндер циклі	1110	37
1)	Жоғары оқу орны компоненті (ЖК)	360	12
2)	Таңдау компоненті (ТК)	150	5
3)	Зерттеу практикасы	20	600
2	Ғылыми-зерттеу жұмысы	3450	115
1)	Тағылымдамадан өту мен докторлық диссертацияны орындауды қамтитын докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы (ДФЗЖ)	3450	115
3	Оқытудың қосымша түрлері (ОҚТ)		
4	Қорытынды аттестаттау (ҚА)	360	12
1)	Докторлық диссертацияны ресімдеу және қорғау (МДРҚ)	360	12
	Барлығы	5400	180